



Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасының арасындағы тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импорты кезінде жанама салықтар алудың принциптері туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2000 жылғы 23 маусым N 62-II

Душанбеде 1999 жылғы 16 желтоқсанда жасалған Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасының арасындағы тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импорты кезінде жанама салықтар алудың принциптері туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасының
арасындағы тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің)
экспорты мен импорты кезінде жанама салықтар алудың
принциптері туралы

Келісім

(2000 жылғы 13 шілдеде күшіне енді - ҚР халықаралық шарттары
бюллетені, 2001 ж., N 5, 47-құжат)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасы,

өзара тиімді сауда-экономикалық қатынастарды дамытуға және экономикалық интеграцияны одан әрі тереңдетуге, шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін тең мүмкіндіктер орнатуға және адал бәсекелестік үшін жағдай жасауға ұмтыла отырып,

халықаралық сауданың жалпы қабылданған нормалары мен ережелерін бағдарға ала отырып,

мыналар жөнінде келісті:

1-бап

Жалпы айқындамалар

Келісімде қолданылатын терминдер:

1) "жанама салықтар" - қосылған құнға салынатын салық және акциз (акциз салығы);

2) "нөлдік ставка" - есепке алу құқығын беретін нөл процент ставка бойынша қосылған құнға салық салу;

3) "тауар" - кез келген мүлік, оның ішінде өнім (энергияның барлық түрлерін қоса алғанда), валюта және валюталық құндылықтар;

4) "жалған экспорт" - тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) Тараптардың кеден аумағынан экспортталатын ретінде жалған құжаттық ресімдеу, бұл жағдайда осы Тараптың кеден аумағынан тыс жерлерге тауарларды іс жүзіндегі әкету (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді іс жүзінде

сату) жүргізілмейді;

5) "тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) тағайындалған елі" - кеден аумағына тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) импортталатын мемлекет;

6) "құзыретті органдар" - қазақстан тарапынан - Қаржы министрлігі, Мемлекеттік кіріс министрлігі, тәжік тарапынан Қаржы министрлігі.

2-бап

Экспорт кезінде салық алу принципі

1. Тараптар бір Тараптың кеден аумағынан екінші Тараптың кеден аумағына экспортталатын тауарларға (жұмыстарға, қызмет көрсетулерге) жанама салықтар салмайды.

2. Осы ереже:

1) нөлдік ставка бойынша ҚҚС салуды;

2) акциздерден босатуды білдіреді.

3-бап

Импорт кезінде салық алу принципі

1. Бір Тараптың кеден аумағынан экспортталып, Тараптардың бірінің кеден аумағына импортталатын тауарларға (жұмыстарға, қызмет көрсетулерге) тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) тағайындалған елінде оның ұлттық заңдарына

сәйкес жанама салықтар салынады.

2. Екінші Тараптың кеден аумағынан экспортталған тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) импортына салық салған кезде тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) тағайындалған елінің ұлттық заңдарында белгіленген салық ставкалары қолданылады.

4-бап

Тауарларды өткізуге және жанама салықтарды төлеуге бақылау жасау

Осы Келісімді қолдану және тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) импорты кезінде жанама салықтар алымының толықтығын қамтамасыз ету, сондай-ақ жалған экспортты болдырмау мақсатында Тараптардың құзыретті органдары Тараптардың кеден шекаралары арқылы

тауарларды өткізуге және жанама салықтарды төлеуге бақылау жасау механизмін әзірлейді және қолданылуға енгізеді, оның ішінде жұмыстарды, қызмет көрсетулерді сату орнына қатысты ережелерді айқындайды.

5-бап

Халықаралық шарттармен ара салмағы

Осы Келісім қатысушысы Тараптар болып табылатын басқа да халықаралық шарттардың нормаларын қозғамайды.

6-бап

Даулы мәселелерді шешу тәртібі

1. Тараптар өз заңдары шегінде болашақта жанама салық салудың ұқсас жүйесін құруға бағытталған, атап айтқанда, үшінші елдермен сауда-саттық жасасу кезіндегі салық салу мәселелеріне қатысты келісілген әрекеттер жасайтын болады.

2. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және қолдануға қатысты Тараптар арасындағы барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптардың құзыретті органдары консультациялар мен келіссөздер жүргізу арқылы шешеді.

7-бап

Ақпараттар алмасу

Тараптар осы Келісімде қамтылатын салықтарға қатысты олардың ішкі заңдарындағы өзгерістер мен толықтырулар туралы ақпараттар алмасатын болады.

8-бап

Өзгерістер мен толықтырулар енгізудің тәртібі

Тараптардың келісімі бойынша осы Келісімге осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын Хаттамамен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

9-бап

Қорытынды ережелер

1. Осы Келісім белгісіз мерзімге жасалды және оның күшіне енуі үшін

барлық қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындалғаны туралы Тараптардың соңғы хабарлаған күнінен бастап күшіне енеді.

2. Осы Келісім Тараптардың бірі басқа Тарапты оның әрекетін тоқтату туралы өзінің ойын алты ай бұрын жазбаша хабардар еткен кезге дейін әрекет ететін болады.

3. Осы Келісім ол күшіне енгеннен кейін жеткізілген тауарларға (жұмыстарға, қызмет көрсетулерге) ғана қатысты қолданылатын болады.

1999 жылғы 16 желтоқсанда Душанбе қаласында әрқайсысы қазақ, тәжік және орыс тілдеріндегі екі түпнұсқа данада жасалады.

Осы Келісімнің мәтінін түсіндіру жөнінде Тараптар арасында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, орыс тіліндегі мәтін басым күшке ие.

Қазақстан Республикасы Тәжікстан Республикасы
үшін үшін

Мамандар:

Икебаева А.Ж.

Омарбекова А.Т.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК